



L 58547 SL

ҚҚ Қолдану туралы нұсқаулары
UK Інструкція

2
36



 **AEG**
perfekt in form und funktion

МАЗМҰНЫ

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	3
2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ	4
3. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ	6
4. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ	6
5. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ	7
6. БАҒДАРЛАМАЛАР	12
7. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ	16
8. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН	17
9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ	17
10. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР	21
11. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ	22
12. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ	27
13. ОРНАТУ	30

ТАМАША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ЖЕТУ

AEG бұйымын таңдағаныңызға рахмет. Біз көптеген жылдар бойы, өмір сүруді барынша жеңілдетуді алға мақсат етіп қоя отырып, үздік технологияға негізделген, әдеттегі тұрмыстық техникада кездесе бермейтін функциялармен жабдықталған, мінсіз жұмыс жасайтын құрылғыларды өндіріп келеміз. Бірнеше минут уақытыңызды бөліп, құрылғының мүмкіндігін толық пайдалану үшін нұсқаулықпен танысып шығыңыз.

Біздің веб-сайтқа барып келесіні қараңыз:



Қолдануға қатысты кеңестер, кітапшалар, ақаулықты түзету, қызмет көрсету туралы ақпарат:
www.aeg.com



Сізге барынша жақсы қызмет көрсету үшін өніміңізді мына жерге тіркеңіз:
www.aeg.com/productregistration



Құрылғыңызға қажетті керек-жарақтарды, шығынды материалдарды және фирмалық қосалқы бөлшектерді сатып алу үшін:
www.aeg.com/shop

ТҰТЫНУШЫҒА КӨМЕК, ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқанда келесі деректердің дайын болуын қамтамасыз етіңіз.

Деректерді техникалық ақпарат тақтайшасынан табуға болады. Үлгісі, Өнім нөмірі, Сериялық нөмірі



Ескерту / Абайлаңыз - Қауіпсіздік туралы маңызды мағлұмат.



Жалпы мағлұматтар менен кеңестер



Қорғаған ортаға зиян келдірмей пайдалану туралы нұсқаулар

Өндіруші ескертусіз өзгеріс енгізу құқығына ие.

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

1.1 Балалар мен дәрменсіз адамдардың қауіпсіздігі



Назарыңызда болсын!

Тұншығып қалу, жарақат алуы немесе мүгедек болып қалу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген адамдар не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе қолдануына болады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Жуғыш заттардың барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын алыс ұстаңыз.
- Құрылғы бала қауіпсіздігінің құралымен жабдықталса, оны іске қосуды ұсынамыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

1.2 Қауіпсіздік туралы жалпы ақпарат

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Ең көп салмақ 6.5 кг көрсетілімін орындаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).
- Егер қуат көзі сымына зақым келген болса, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе оның техникалық қызмет көрсетуші агенті немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Судың жұмыс кезіндегі қысымы (ең аз және ең көп) 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) арасында болуға тиіс
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға (егер бар болса) кілем кедергі жасамауға тиіс.
- Құрылғыны жаңа түтіктер жинағын пайдаланып, су жүйесіне қосу керек. Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.

2. ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

2.1 Орнату

- Орам материалдарының және тасымал тетіктерінің барлығын алыңыз.
- Тасымал тетіктерін сақтап қойыңыз. Құрылғыны қайта көшірген кезде, барабанды бұғаттап қою керек.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0 °C градустан төмен немесе ауа-райы әсер ететін жерлерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғы орнатылатын еденнің тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғыны есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы

ауыр. Өрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.

- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы мен кілемнің арасында тиісті орын болуын қамтамасыз ету үшін өзгермелі тіректерін реттеңіз.

Электртоғына қосу



Назарыңызда болсын!

Өрт шығу және электр қатеріне ұшырау қаупі бар.

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.

- Өрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Құрылғының қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Өрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Бұл құрылғы Е.Е.С. ережелеріне сай келеді.

Суға қосу

- Су қосылымы түтіктеріне ешбір зақым келтірмеңіз.
- Құрылғыны жаңа түтіктер жинағын пайдаланып, су жүйесіне қосу керек. Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны жаңа құбырларға немесе ұзақ уақыт қолданылмаған құбырларға жалғамай тұрып, суын тазартқанша ағызыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет қолданған кезде еш жерінен су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.

2.2 Қолданылуы



Назарыңызда болсын!

Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу және өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл тұрмыста қолдануға арналған құрылғы.
- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Жұғыш заттың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.

- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде есіктің шынысына қол тигізбеңіз. Шыны ыстық болуы мүмкін.
- Кірдегі темір заттардың барлығының алынғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының астына ағып кетуі мүмкін суды құю үшін сауыт қоймаңыз. Қолданылатын керек-жарақтың түрін Қызмет көрсету орталығына хабарласып біліңіз.

2.3 Күту менен тазалау



Назарыңызда болсын!

Жарақат алу немесе құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.

2.4 Құрылғыны тастау



Назарыңызда болсын!

Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.



- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.

3. ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ

Өлшемдері	Ені / Биіктігі / Тереңдігі	600 / 850 / 430 мм
	Жалпы тереңдігі	487 мм
Электртоғына қосу:	Кернеу	230 В
	Жалпы қуат	2000 Вт
	Сақтандырғыш	10 А
	Жиілік	50 Гц
Төмен кернеумен жұмыс істейтін және ылғалға қарсы қорғалмаған жерлерден басқа жерлердің барлығы қатты заттар және ылғалдың кіруіне жол бермейтін қорғаныс қабатымен қорғалған.		IPX4
Сумен жабдықтау қысымы	Ең азы	0,5 бар (0,05 МПа)
	Ең көбі	8 бар (0,8 МПа)
Сумен жабдықтау ¹⁾		Суық су
Ең үлкен салмақ	Мақта мата	6.5 кг
Айналдыру жылдамдығы	Ең көбі	1400 мин/айн

¹⁾ Су құятын түтікті 3/4" бұрамасы бар су шүмегіне жалғаңыз.

4. БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ




- 1** Жұмыс алаңы
- 2** Жуғыш зат үлестіргіші
- 3** Басқару панелі
- 4** Есіктің тұтқасы
- 5** Техникалық ақпарат тақтайшасы
- 6** Су сорғы

- 7** Құрылғы деңгейін реттеуге арналған тірек
- 8** Су төгетін түтік
- 9** Су құю клапаны
- 10** Қорек сымы
- 11** Тасымал тетіктері


12 Құрылғы деңгейін реттеуге арналған тірек

4.1 Керек-жарақтар



- 1 Гайка кілті**
Тасымал болттарын алуға арналған.
- 2 Пластик түтік бағыттағыш**
Су төгетін түтікті раковина жиегіне жалғау үшін.
- 3 Пластик тығындар**
Тасымал болттарын алғаннан кейін, корпусстың арт жағындағы тесіктерді жабуға арналған.
- 4 Су құятын түтік**
Құрылғыны суық су жүйесіндегі шүмекке қосуға арналған.

5. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



- 1 Қосу/Өшіру түймешігі (Auto Off)**
- 2 Бағдарлама түймешесі**
- 3 Бейнебет**
- 4 Бастау Үзіліс түймешігі (Старт/Пауза)**
- 5 Кешіктіріп бастау түймешігі (Отсрочка старта)**
- 6 Уақытты үнемдеу түймешігі (Экономия времени)**
- 7 Қосымша шаю түймешігі (Доп. полоскание)**
- 8 Дақ/Алдын ала жуу түймешігі (Пятна/Предв. стирка)**
- 9 Айналдыру жылдамдығын азайту түймешігі (Отжим)**
- 10 Температура түймешігі (Температура)**

5.1 АВТОМАТТЫ сөндіру түймешігі 1

Құрылғыны қосу немесе сөндіру үшін осы түймешікті басыңыз. Құрылғы іске

қосылған кезде дыбыстық сигнал естіледі.
 AUTO OFF функциясы келесі жағдайларда қуат тұтынуды тоқтату үшін құрылғыны автоматты түрде сөндіреді:

- **4** түймешігін басар алдында құрылғы 5 минут қолданылмай тұрса.
 - Барлық параметрлер біржола тоқтатылса.
 - Құрылғыны қайта іске қосу үшін **1** түймешігін басыңыз.


– Жуу бағдарламасын және барлық қажетті параметрлерді қайта орнатыңыз.

- Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін 5 минут өткен соң, 'Бағдарламаның соңы' тарауын қараңыз.

5.2 Бағдарлама тетігі **2**

Бағдарламаны орнату үшін осы тетікті бұраңыз. Тиісті бағдарламаның индикаторы жанады.

5.3 Бейнебет **3**



Бейнебетте төмендегілер көрсетіледі:

A	88	Орнатылған бағдарламаның температурасы
	*	Суық су
B	1888	Орнатылған бағдарламаның айналдыру жылдамдығы
	---	Айналдырмау белгішесі ¹⁾
	□	Шаюды кідірту белгішесі

¹⁾ Айналдыру/Су төгу бағдарламасында ғана бар.

C	□	Алдын ала жуу циклі
	□	Жуу циклі
	□	Шаю циклдры
	□	Айналдыру циклі

Цикл белгішелері

- Бағдарлама орнатылған кезде, бағдарламаның циклдарына қатысты белгішелердің барлығы жанады.
- Бағдарлама басталғанда, тек орындалып тұрған циклдің ғана белгішесі жыпылықтайды.
- Бағдарлама аяқталғанда, соңғы циклдің белгішесі жанып тұрады.

D		Бу бағдарламасын орнатқанда, бу белгішесі жанады.
E		Құрылғы жуғыш заттың тым көп салынғанын анықтаса, циклдің соңында жуғыш заттың шамадан тыс салынғанын көрсететін белгі жанады.
F		Белгіше жанып тұрғанда құрылғының есігін аша алмайсыз. Есікті белгіше сөнгеннен кейін ғана аша аласыз. Бағдарлама аяқталып, белгіше жанған қалпы тұрса: • 'Шаюды кідірту' функциясы қосулы. • Барабанның ішінде су бар.
G		Кешіктіріп бастау функциясын орнатқан кезде, кешіктіріп бастау белгішесі жанады.
H		• Бағдарлама уақыты Бағдарлама басталған кезде, бағдарламаның уақыты 1 минутқа кеміп отырады.
		• Кешіктіріп бастау Кешіктіріп бастау түймешігін басқан кезде, бейнебетте кешіктіріп бастау уақыты көрсетіледі.
		• Ескерту кодтары Құрылғыда ақау бар болса, бейнебетте ескерту кодтары көрсетіледі. "Ақаулықты түзету" тарауын қараңыз.
		• Келесі жағдайларда бейнебетте мына хабар бірнеше секунд көрсетіледі: – Бағдарламаға сай келмейтін функция орнатылса. – Бағдарламаны жұмыс істеп тұрған кезінде өзгертсеңіз.
		• Бағдарлама аяқталғанда.
I		Бала қауіпсіздігі құралының белгішесі, осы құрал іске қосылған кезде жанады.

Графикалық жолақ

	Егер функцияны орнатылған бағдарлама үшін таңдауға болса ғана бос индикатор жолағы көрсетіледі.
---	---

		Индикатордың жолағы орнатылған функцияларға қарай тола бастайды.
	Егер теріс функция таңдалса, Err жазуы көрсетіліп, таңдаудың теріс екенін көрсетеді.	
J		Бағдарлама уақыттарының бірін орнатқан кезде уақытты үнемдеу белгішесі көрсетіледі.
		• Қысқартылған уақыт
		• Өте жылдам
K		Осы функция таңдалған кезде қосымша шаю белгішесі жанады.
		Бұл мән шаю циклдерінің жалпы санын көрсетеді.
		Шаю циклдерінің ең үлкен санын орнатқан кезде индикатордың жолағы толық көрсетіледі.
L		Функцияны іске қосқан кезде Дақ индикаторы жанады.
		Функцияны іске қосқан кезде Алдын ала жуу индикаторы жанады.
		Функциялардың тек біреуін ғана орнатқан кезде индикатор жолағы толық болмайды.
		Екі функцияны орнатқан кезде индикатор жолағы толық болып көрсетіледі.

5.4 Бастау/Үзіліс түймешігі **4**

Бағдарламаны бастау немесе кідірту үшін **4** түймешігін басыңыз.

5.5 Кешіктіріп бастау түймешігі **5**

Бағдарламаны 30 минуттан 20 сағатқа дейін кешіктіріп бастау үшін **5** түймешігін басыңыз.

5.6 Уақытты үнемдеу түймешігі **6**

Бағдарламаның уақытын азайту үшін **6** түймешігін басыңыз.

- Күнделікті ластанатын киімдерді тазалау үшін бір рет басып 'Қысқартылған уақыт' функциясын орнатыңыз.
- Шамалы кірлеген киімдерді тазалау үшін екі рет басып 'Өте жылдам' функциясын орнатыңыз.

 Кей бағдарламаларда екі функцияның тек біреуін ғана орнатуға болады.

5.7 Қосымша шаю түймешігі **7**

Бағдарламаға қосымша шаю циклдарын қосу **7** түймешігін басыңыз.

Жуғыш заттарға аллергиясы бар адамдар үшін немесе суы тым тұщы жерлерде осы функцияны қолданыңыз.

5.8 Дақ-Алдын ала жуу **8**

Бағдарламаға дақ және/немесе алдын ала жуу циклін қосу үшін **8** түймешігін басыңыз.

Бір немесе екі функцияны іске қосу үшін түймешікті қайта-қайта басыңыз. Бейнебетте тиісті белгіше және индикатор жолағы көрсетіледі.

ДАҚ КЕТІРУ

- Дағы оңай кетпейтін кірлерді жуу үшін осы функцияны таңдаңыз.

Осы функцияны орнатқан кезде, дақ кетіргішті  бөлігіне салыңыз. Бұл функция бағдарламаның уақытын ұзартады.



Бұл функция 40° C градустан төмен температурада жұмыс істемейді.

АЛДЫН-АЛА ЖУУ

- Жуу циклінің алдына алдын ала жуу циклін қосу үшін осы функцияны қолданыңыз. Қатты кірлеген кірді жуу үшін осы функцияны қолдануды ұсынамыз.



Осы бағдарламаны орнатқан кезде бағдарламаның уақыты ұзарады.

5.9 Айналдыру түймешігі

Төмендегі әрекеттерді орындау үшін осы түймешікті басыңыз:

- Бағдарламаның айналдыру циклінің ең ұлкен жылдамдығын азайту үшін.



Бейнебетте тек орнатылған бағдарлама үшін таңдауға болатын айналдыру жылдамдықтары ғана көрсетіледі.

- Айналдыру циклін ажыратыңыз.
- 'Шаюды кідірту' функциясын іске қосыңыз. Мата мыжылып қалмас үшін осы функцияны орнатыңыз. Бағдарлама аяқталған кезде құрылғы суы төгілмейді.

5.10 Температура түймешігі

Әдепкі температураны өзгерту үшін  түймешігін басыңыз. Бейнебетте  - - көрсетілсе, құрылғы суды ысытпайды.

5.11 Дыбыстық сигнал функциясы

Дыбыстық сигнал келесі жағдайларда естіледі:

- Құрылғыны іске қосқанда.
- Құрылғыны сөндіргенде.
- Түймешіктерді басқанда.
- Бағдарлама аяқталғанда.
- Құрылғыда ақау бар кезде.

Дыбыстық сигналдарды **сөндіру/қосу** үшін,  және  түймешігін 6 секунд қатар басыңыз.



Дыбыстық сигналдарды сөндірсеңіз, олар түймешіктерді басқан кезде және ақаулық орын алған кезде ғана іске қосылады.

5.12 Бала қауіпсіздігі функциясы

Бұл функция балаларға басқару панелімен ойнауға жол бермейді.

- Функцияны іске қосу үшін  және  түймешігін бейнебетте  белгісі көрсетілгенше қатар басыңыз.
- Функцияны сөндіру үшін  және  түймешігін бейнебеттен  белгісі көрінбей кеткенше қатар басыңыз. Функцияны былай іске қосуға болады:
- Бастау/Үзіліс түймешігін  баспай тұрып: құрылғы іске қосылмайды.
- Бастау/Үзіліс түймешігін  басқаннан кейін, барлық түймешіктер мен бағдарлама тетігі ажырайды.

5.13 Тұрақты түрде қосымша шаю функциясы

Осы функцияның көмегімен қосымша шаю функциясын тұрақты түрде, жаңа бағдарламаны орнатқан кезде қолданатын етіп орнатуға болады.

- Осы функцияны **іске қосу** үшін  және  түймешігін бейнебетте  белгісі көрсетілгенше қатар басыңыз.
- Функцияны **ажырату** үшін  және  түймешігін бейнебеттен  белгісі көрінбей кеткенше қатар басыңыз.

6. БАҒДАРЛАМАЛАР

Бағдарлама Температура	Ыдысты салу түрі Кірдің ең үлкен салмағы	Цикл сипаттамасы	Функциялар
Хлопок 95°- Суық	Қалыпты кірлеген ақ және түрлі- түсті мақта мата. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ ДАҚТАР ²⁾ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ ³⁾
Очень тихая 95°- Суық	Қалыпты кірлеген ақ және түрлі- түсті мақта мата. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Жуу Шаю циклдары Барабанның ішіндегі суы төгілмей тоқтайды	АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ ДАҚТАР ²⁾ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ
Синтетика 60°- Суық	Қалыпты кірлеген синтетика немесе аралас матадан жасалған заттар. ең үлкен салмақ 3 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ ДАҚТАР ²⁾ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ
Легкая глажка⁴⁾ 60 - 0°	Қалыпты кірлеген синтетика маталар. ең үлкен салмақ 1.5 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ ДАҚТАР ²⁾ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ

Бағдарлама Температура	Ыдысты салу түрі Кірдің ең үлкен салмағы	Цикл сипаттамасы	Функциялар
Тонкие ткани 40 - 0°	Қалыпты кірлеген нәзік акрил, вискоза, полиэстер тәрізді маталар. ең үлкен салмақ 3 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ ДАҚТАР ²⁾ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ
Шерсть – Шелк  40 - 0°	Машинада жууға болатын жүн мата. «Қолмен жуылады» деген затбелгісі бар, қолмен жуылатын жүн мата немесе нәзік маталар. ең үлкен салмақ 2 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ
Одеяла 60 - 30°	Бір синтетика төсек жапқыш, көрпе, төсек жайма және т.с.с. ең үлкен салмақ 2 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ
Антиаллергенная 60°	Ақ мақта мата заттар. Бұл бағдарлама 60° С градуста жуу циклінің көмегімен микро- ағзаларды жояды және қосымша шаю циклін қосады. Осылайша киім барынша тиімді жуылады. Дақ бөлігіне арнайы гигиеналық заттан салып, Дақ функциясын орнатыңыз. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ДАҚТАР ²⁾ ҚОСЫМША ШАЮ

Бағдарлама Температура	Ыдысты салу түрі Кірдің ең үлкен салмағы	Цикл сипаттамасы	Функциялар
Отжим / Слив⁵⁾ 0°	Барлық маталар. Кірдің ең үлкен салмағы кірдің түріне байланысты анықалады. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Суды төгу Айналдыру циклі.	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ АЙНАЛДЫРМА У
Полоскание 0°	Барлық маталар. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Қосымшалар салынған бір шаю циклі Айналдыру циклы	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ ҚОСЫМША ШАЮ ⁶⁾
Шторы 40° - 0°	Бұл бағдарламаны перделерді жуу үшін орнатыңыз. Бұл бағдарлама перделердің шаңын тазалау үшін алдын ала жуу циклын автоматты түрде қосады.  Алдын ала жуу циклына арналған бөлікке жуғыш зат салмаңыз. макс. 2 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ
Джинсы⁷⁾ 60° - 0°	Тек джинс заттар ғана. Хай тек материалдан жасалған джерси. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ҚОСЫМША ШАЮ

Бағдарлама Температура	Ыдысты салу түрі Кірдің ең үлкен салмағы	Цикл сипаттамасы	Функциялар
Быстрая интесив 60° - 40°	Шамалы ластанған ақ/ бояуы берік мақта мата мен аралас маталарға арналған жылдам жуу бағдарламасы. ең үлкен салмақ 5 кг	Жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ ҚОСЫМША ШАЮ
20 мин. - 3 кг 40° - 30°	Шамалы кірлеген немесе бір рет ғана киілген мақта мата және синтетика заттар. ең үлкен салмақ 3 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ
Супер Есо⁸⁾ 0°	Аралас маталар (мақта мата және синтетика заттар). ең үлкен салмақ 3 кг	Жуу Шаю циклдары Қысқа айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ ҚОСЫМША ШАЮ
Хлопок Есо⁹⁾ Қуат үнемдеуге арналған мақта мата бағдарламасы 60° және 40° ¹⁰⁾	Қалыпты кірлеген ақ және бояу берік мақта мата. ең үлкен салмақ 6.5 кг	Жуу Шаю циклдары Ұзақ айналдыру	АЙНАЛДЫРУД Ы АЗАЙТУ ШАЮДЫ КІДІРТУ АЛДЫН АЛА ЖУУ ¹⁾ ДАҚТАР ²⁾ ҚОСЫМША ШАЮ УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУ

1) Егер сұйық жуғыш затты қолдансаңыз, АЛДЫН АЛА ЖУУ циклі жоқ бағдарламаны орнатыңыз.

2) Дақ функциясы 40°C градустан төмен температурада жұмыс істемейді.

3) Егер Өте жылдам функциясын орнатсаңыз, кірдің мөлшерін азайтуды ұсынамыз. Құрылғыға кірді толтыра салуға болады, бірақ жуу нәтижесі төмендейді.

4) Кір мыжылып қалмас үшін жуу және айналдыру циклдары баппен орындалады. Құрылғы бірнеше шаю циклдарын қосады.

5) Айналдыру жылдамдығының әдепкі циклы мақта матаға арналған. Айналдыру жылдамдығын орнатыңыз. Оның кірге сай келетініне көз жеткізіңіз. СУ ТӨГУ бағдарламасын ғана таңдау үшін АЙНАЛДЫРМАУ функциясын орнатыңыз.

6) Шаю циклдарын қосу үшін ҚОСЫМША ШАЮ түймешігін басыңыз. Айналдыру жылдамдығы төмен болған кезде, құрылғы баппен шаяды және аз уақыт айналдырады.

- 7) Қосымша шаю функциясы автоматты түрде қосылады.
- 8) Уақытты азайту және қуат пен суды аз тұтыну үшін осы бағдарламаны орнатыңыз.
- 9) 6.5 кг салмаққа арналған 60° градустағы «Мақта мата, қуатты үнемдеу» бағдарламасы, қуат мәндер көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде EEC 92/75 стандартына сай берілген бағдарлама.
Жуу нәтижесін жақсарту және қуатты аз тұтыну үшін осы бағдарламаны орнатыңыз.
Жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.
- 10) Осы бағдарламалардың көмегімен "Өте жылдам" бағдарламасының ұзақтығын ғана орнатуға болады.

7. ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ



Бағдарлама басталған кезде бейнебетте кірдің ең көп мөлшеріне арналған бағдарламаның ұзақтығы көрсетіледі.
Жуу циклы кезінде бағдарламаның уақыты автоматты түрде есептеледі, егер кірдің мөлшері ең көп кірдің мөлшерінен аз болса (мысалы, Мақта мата 60°C, кірдің ең көп мөлшері 6.5 кг, бағдарламаның уақыты 2 сағаттан асады; салынған кірдің нақты салмағы 1 кг болса, бағдарламаның уақыты 1 сағатқа жетпейді).
Құрылғы бағдарламаның нақты уақытын есептеп тұрғанда бейнебетте нүкте жыпылықтайды.

Бағдарлама	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Су тұтыну (литр)	Бағдарламаның ұзақтығы (минут)
Мақта мата 60°	1.15	62	Бағдарламалардың ұзақтығын басқару панеліндегі бейнебеттен көріңіз.
Мақта мата Эко – Мақта матаға арналған қуат үнемдеу бағдарламасы 60° 1)	0.81	52	
Мақта мата 40°	0.75	62	
Синтетика 40°	0.45	45	
Нәзік мата 40°	0.60	62	
Жүн мата/ Қолмен жуу 30°	0.25	50	

- 1) 6.5 кг салмаққа арналған «Мақта мата, үнемді 60°» бағдарламасы, қуат мәндер көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде EEC 92/75 стандартына сай берілген бағдарлама.

Сөндіру режимі (Вт)	Қосулы режим (Вт)
0.05	0.05
Жоғарыда көрсетілген кестелердегі ақпарат ЕО Комиссиясының 1015/2010 стандартына 2009/125/ЕС сай берілген.	



Бұл кестеде көрсетілген тұтыну деректері тек жалпылама ұсыныс ретінде ғана берілген, себебі бұл мәндер кірдің мөлшері мен түріне, құйылатын судың температурасы мен бөлме температурасына байланысты әр түрлі мүмкін.

8. БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

1. Су төгу циклын іске қосу үшін жуғыш зат үлестіргіштің негізгі жуу циклына арналған бөлігіне 2 литр су құйыңыз.
2. Жуғыш затты аз мөлшерде жуғыш зат үлестіргішінің негізгі жуу бөліміне салыңыз. Мақта матаға


арналған бағдарламаны орнатып, ең жоғары температураға қойып ешбір кір салмай жуыңыз. Бұл цикл барабан мен машинаның ішінде бар болуы мүмкін кірлердің барлығын кетіреді.

9. ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Су құятын шүмекті ашыңыз.
2. Ашаны розеткаға сұғыңыз.
3. Құрылғыны іске қосу үшін **1** түймешігін басыңыз.
4. Құрылғының ішіне кірді салыңыз.
5. Жуғыш зат пен қосымша заттарды дұрыс мөлшерде пайдаланыңыз.
6. Жуу бағдарламасын кірдің түрі мен кірлеу деңгейіне қарай дұрыс таңдап, іске қосыңыз.


9.1 Кірді салу

1. Құрылғы есігін ашыңыз.
2. Кірді барабанға бір-бірден салыңыз. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз. Барабанға тым көп кір салынбағанына көз жеткізіңіз.
3. Есікті жабыңыз.




Тығыздағыш пен есіктің арасына ешбір кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Су ағыу немесе кірге нұқсан келуі мүмкін.

9.2 Жуғыш зат пен үстемелерді салу





	Алдын ала жуу циклына арналған жуғыш зат бөлігі, жібіту бағдарламасы және дақ кетіру функциясы. Алдын ала жуу, жібіту және дақ кетіру циклдарына арналған жуғыш затты бағдарламаны бастамай тұрып салыңыз.
	Жуу цикліне арналған жуғыш зат салынатын бөлік. Сұйық жуғыш затты қолдансаңыз, оны бағдарламаны бастаудың сәл алдында ғана салыңыз.
	Сұйық үстемелерге (мата жұмсартқыш, крахмал) арналған бөлік. Жуғыш құралды бағдарламаны бастамай тұрып бөлікке салыңыз.
MAX	Бұл сұйық үстемелердің ең жоғары деңгейін көрсетеді.
	Ұнтақ немесе сұйық жуғыш затқа арналған бөлігіш Ұнтақ немесе сұйық жуғыш затты қолдану үшін оны дұрыс орынға (жоғары немесе төмен) бұраңыз.
	Жуғыш заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

Бөлгіштің орнын тексеріңіз



1. Жуғыш зат үлестіргішті тоқтап қалғанша сыртқа қарай тартыңыз.
2. Үлестіргішті алу үшін тетікті төмен басыңыз.



3. Ұнтақ жуғыш затты қолдану үшін бөлгішті жоғары бұраңыз.

4. Сұйық жуғыш затты қолдану үшін бөлгішті төмен бұраңыз.



Бөлгіш ТӨМЕН қалыпта тұрған кезде:

- Қоймалжың немесе қою сұйық жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Сұйық жуғыш затты бөлгіште көрсетілген межеден асырмаңыз.
- Алдын ала жуу циклын орнатпаңыз.
- Кешіктіріп бастау функциясын орнатпаңыз.

5. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз.
6. Жуғыш зат үлестіргішін абайлап жабыңыз. Үлестіргішті жапқан кезде бөлгіштің ешбір бөгет жасамайтынына көз жеткізіңіз.

9.3 Бағдарламаны орнату және бастау

1. Бағдарлама тетігін бұраңыз. Тиісті бағдарламаның индикаторы жанады.
2. **4** түймешігінің индикаторы қызыл түспен жанады.
3. Бейнебетте әдепкі температура, айналдыру жылдамдығы және таңдауға болатын функциялардың бос индикатор жолақтары көрсетіледі.
4. Температура және/немесе айналдыру жылдамдығын өзгерту үшін тиісті түймешіктерді басыңыз.
5. Таңдауға болатын функцияларды орнатыңыз.

6. Бағдарламаны бастау үшін **4** түймешігін басыңыз. **4** түймешігінің индикаторы жанады.



Құрылғыға су құйылған кезде су төгетін сорғы шамалы уақыт жұмыс істеуі мүмкін.



Мүмкіндігінше аз уақыт ішінде тамаша нәтижеге қол жеткізу үшін құрылғы циклдің уақытын автоматты түрде барабанға салынған кірге бейімдейді. Бағдарлама басталғаннан кейін шамамен 15 минут өткеннен кейін, бейнебетте жаңа уақыт көрсетіледі.

9.4 Бағдарламаны кідірту

1. **4** түймешігін басыңыз. Индикатор жыпылықтайды.
2. **4** түймешігін қайта басыңыз. Жуу бағдарламасы жалғасады.

9.5 Бағдарламаны біржола тоқтату

1. Бағдарламаны біржола тоқтатып құрылғыны сөндіру үшін **1** түймешігін басыңыз.
2. Құрылғыны іске қосу үшін **1** түймешігін қайта басыңыз. Енді жаңа жуу бағдарламасын орнатуға болады.



Құрылғыдан су ақпай тұр.

9.6 Функцияны өзгертіңіз

Кей функцияларды ғана басталмай тұрып өзгерте аласыз.

1. **4** түймешігін басыңыз. Индикатор жыпылықтайды.
2. Орнатылған функцияны өзгертіңіз.

9.7 Кешіктіріп бастау функциясын орнатыңыз

1. Бейнебетте минут немесе сағат мәндері көрсетілгенше **5** түймешігін қайта-қайта басыңыз. Тиісті белгішелер жанады.
2. **4** түймешігін басыңыз, құрылғы кешіктіріп бастау функциясының кері санағын бастайды.

Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама автоматты түрде басталады.



Құрылғыны іске қосу үшін **4** баспай тұрып, орнатылған кешіктіріп бастау функциясын өзгертуіңізге болады. Кешіктіріп бастау функциясын **Бу** бағдарламасымен бірге орната алмайсыз.

9.8 Кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатыңыз

1. **4** түймешігін басыңыз. Тиісті индикатор жыпылықтайды.
2. **5** түймешігін бейнебетте **0'** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.
3. **4** түймешігін басыңыз. Бағдарлама басталады.

9.9 Есікті ашыңыз

Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау жұмыс істеп тұрғанда, құрылғының есігі бекітулі тұрады.

Құрылғының есігін ашу үшін:

1. **4** түймешігін басыңыз. Бейнебеттегі есік құлпының белгісі сөнеді.
2. Құрылғы есігін ашыңыз.
3. Құрылғының есігін жауып, **4** түймешігін басыңыз. Бағдарлама немесе кешіктіріп бастау функциясы жалғасады.



Егер барабан ішіндегі судың температурасы немесе деңгейі тым жоғары болса, есік құлпының белгісі көрсетілген қалпы тұрады және есікті аша алмайсыз. Есікті ашу үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

1. Құрылғыны сөндіріңіз.
2. Бірнеше минут күтіңіз.
3. Барабанда мүлдем су жоғына көз жеткізіңіз.



Егер құрылғыны сөндірсеңіз, бағдарламаны қайта орнату керек.

9.10 Бағдарламаның соңы

- Құрылғы автоматты түрде тоқтайды.
- Дыбыстық сигналдар естіледі.
- Бейнебетте **0** жанады.
- Бастау/Үзіліс түймешігінің индикаторы **4** сөнеді.
- Есік құлпының белгісі сөнеді.
- Құрылғыны сөндіру үшін **1** түймешігін басыңыз. Бағдарлама

аяқталғаннан кейін бес минут өткеннен кейін, қуат үнемдеу функциясы құрылғыны автоматты түрде сөндіреді.



Құрылғыны қайта іске қосқанда, бейнебетте соңғы орнатылған бағдарламаның аяқталуы көрсетіледі. Жаңа циклді орнату үшін бағдарлама тетігін бұраңыз.

- Құрылғыдан кірді алыңыз. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Зең және иіс пайда болмас үшін есікті сәл ашып қойыңыз.
- Судың шүмегін жабыңыз.

Жуу бағдарламасы аяқталды, бірақ барабанда су тұр:

- Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.

- Есік құлыпталып тұр.
- Есікті ашу үшін суды төгу керек.

Суды төгу үшін:

1. Қажет болса, айналдыру жылдамдығын азайтыңыз.
2. Бастау/Үзіліс түймешігін басыңыз
4. Құрылғы суды төгеді де, айналдыру циклын орындайды.
3. Бағдарлама аяқталып, есік құлпының белгісі көрінбей кеткенде есікті ашуыңызға болады.
4. Құрылғыны сөндіріңіз.



Құрылғы шамамен 18 сағаттан кейін суды автоматты түрде төгеді және айналдырады.

10. ПАЙДАЛЫ НҰСҚАУЛАР МЕНЕН КЕҢЕСТЕР

10.1 Кір салу

- Кірді былай сұрыптаңыз: ақ, түрлі-түсті, синтетика, нәзік және жүн мата.
- Кірдің затбелгісіндегі жуу нұсқауларын орындаңыз.
- Ақ және түрлі-түсті заттарды бірге жумаңыз.
- Кейбір түрлі-түсті заттарды алғаш жуғанда бояуы шығуы мүмкін. Оларды алғаш жуғанда бөлек жууға кеңес береміз.
- Жастық қаптарының түймесін салып, тартпаларды тартып жауып, ілгектер мен батырма түймешіктерді салыңыз. Белбеулерді байлаңыз.
- Қалталарды босатып, оралған заттарды ашыңыз.
- Көп қабатты матадан жасалған, жүн матадан жасалған немесе сурет салынған киімдердің астарын сыртына аударыңыз.
- Қатты дақтарды кетіріңіз.
- Өте кір дақтарды арнайы жуғыш затпен жуыңыз.
- Перделерді абайлап жуыңыз. Ілгектерін алыңыз немесе

перделерді кір жуатын торға немесе жастықтың тысына салыңыз.

- Құрылғыны келесі заттарды жуу үшін пайдаланбаңыз:
 - Жиегі көмкерілмеген немесе жыртығы бар заттарды жумаңыз
 - Сым өткізілген төс тартқыштарды.
 - Ұсақ заттарды кі жуатын торға салып жуыңыз.
- Кір өте аз салынса, айналдыру циклі кезінде теңгерімді сақтауға қатысты мәселе орын алуы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, барабандағы кірді қолмен таратып, қайта айналдыра бастаңыз.

10.2 Оңай кетпейтін дақтар

Кейбір дақтарды кетіру үшін су мен жуғыш зат жеткіліксіз болады. Бұндай дақтарды кірді құрылғыға салмай тұрып тазалауды ұсынамыз. Дақ кетіретін арнайы құралдар болады. Дақ пен матаның түріне сай келетін арнайы дақ кетіргішті қолданыңыз.

10.3 Жуғыш заттар мен үстемелер

- Кір жуғыш машиналарға арналған жуғыш заттар мен үстемелерді ғана қолданыңыз.
- Әр түрлі жуғыш заттарды араластырмаңыз.
- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз.
- Осы заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.
- Матаның түріне және түсіне, бағдарламаның температурасы мен кірдің деңгейіне сай келетін құралдарды қолданыңыз.
- Егер сұйық жуғыш затты қолдансаңыз, алдын ала жуу циклін орнатпаңыз.
- Егер құрылғының жуғыш зат үлестіргішінде мөлшерлегіш құрал болмаса, мөлшерлегіш шарикті қолданыңыз.

Су кермектігі кестесі

Деңгей	Түрі	Судың кермектігі			
		°dH	°Т.Н.	ммоль/л	Кларк
1	жұмсақ	0-7	0-15	0-1.5	0-9
2	орташа	8-14	16-25	1.6-2.5	10-16
3	кермек	15-21	26-37	2.6-3.7	17-25
4	өте кермек	> 21	> 37	>3.7	>25

10.4 Судың кермектігі

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинада су жұмсартқышты қолдануды ұсынамыз. Суы тұщы жерлерде су жұмсартқышты қолдану қажет емес.

Жергілікті жердегі судың кермектігін білу үшін су жүйесін басқару мекемесіне хабарласыңыз.

Қолданылатын құралдардың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.

Судың кермектігін өлшейтін балама өлшем бірліктерге мыналар жатады:

- Неміс градусы (dH°).
- Француз градусы (°TH).
- ммоль/л (миллимоль/литр: судың кермектігін өлшейтін халықаралық бірлік).
- Кларк градусы.

11. КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны тазалар алдында тоқтан ажыратыңыз.

11.1 Қақты тазалау

Біз қолданатын судың құрамында әк болады. Қажет болса, әкті тазалау үшін су жұмсартқышты қолданыңыз. Кір жуғыш машиналарға арналған арнайы құралдарды қолданыңыз.

Қолданылатын құралдардың орамында көрсетілетін өндіруші нұсқауларын орындаңыз. Бұны кір жумай тұрғанда орындаңыз.

11.2 Сыртын тазалау

Құрылғыны сабын мен жылы суды ғана қолданып тазалаңыз. Барлық беттерін әбден құрғатыңыз.



Сақтандыру туралы ескерту!

Спирт, еріткіш немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.


- Барабаннан кірді алыңыз.
- Мақта матаны ең ыстық сумен жуатын бағдарламаны таңдаңыз
- Биологиялық қасиеті бар ұнтақ жуғыш затты тиісті мөлшерде пайдаланыңыз.

Жуып болған сайын зең пайда болмас үшін және жағымсыз иісті шығару үшін есікті шамалы уақыт ашыңқырап қойыңыз.

11.3 Тазалап жуу

Төмен температура бағдарламаларын қолданғанда барабанда шамалы жуғыш зат қалып қоюы мүмкін. Құрылғыға күтім көрсету үшін уақытылы жуыңыз. Ол үшін:

11.4 Есік тығыздағышы



Тығыздағышты мезгіл-мезгіл тексеріп, ішіндегі заттардың барлығын алыңыз.


11.5 Барабан

Барабанның ішін мезгіл-мезгіл тексеріп, әк және тот бөлшектерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Барабандағы тот қалдықтарын тазалау үшін арнайы бұйымдарды ғана қолданыңыз. Ол үшін:



- Барабанды тот баспайтын темірге арналған арнайы өніммен тазалаңыз.
- Мақта матаға арналған қысқа бағдарламаны, аз ғана жуғыш зат салып, ең жоғары температураға қойып бастаңыз.

11.6 Жуғыш зат үлестіргіші

Жуғыш зат үлестіргішін тазалау үшін:



1. Тетікті басыңыз.
2. Үлестіргішті шығарып алыңыз.



3. Сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаның үстіңгі жағын алыңыз.
4. Барлық бөліктерін сумен жуыңыз.

5. Үлестіргіштің ұясын шөткемен тазалаңыз.
6. Үлестіргішті ұясына салыңыз.

11.7 Су сорғы



Су төгетін сорғыны уақытылы тексеріп, таза екеніне көз жеткізіңіз.

Сорғыны келесі жағдайда тазалаңыз:


- Құрылғыдан су ақпаса.
- Барабан айнала алмаса.
- Су төгетін сорғы бітеліп қалып, құрылғыдан тосын шуыл естіледі.
- Бейнебетте суды төгуге қатысты ақаулыққа байланысты ескерту коды көрсетіледі.




Назарыңызда болсын!

1. Ашаны розеткадан ағытыңыз.
2. Құрылғы жұмыс істеп тұрғанда сүзгіні алмаңыз. Құрылғыдағы су ыстық болса су төгетін сорғыны тазаламаңыз. Су төгетін сорғыны тазалау алдында су суық болуға тиіс.


Су төгетін сорғыны тазалау:




1. Су төгетін сорғының есігін ашыңыз.




2. Су төгетін сорғының астына, аққан су құйылатын ыдыс қойыңыз.
3. Суды ағызу үшін екі тетікті басып, су төгетін түтікшені өзіңізге қарай тартыңыз.
4. Сауытқа су толған кезде, су төгетін түтікшені орнына қайта қойып, сауытты босатыңыз. 3-ші және 4-ші қадамдарды, су төгетін сорғыдан ешбір су ақпай қалғанша қайта-қайта орындаңыз.
5. Су төгетін түтікшені өзіңізге қарай тартып, сүзгіні бұрап алыңыз.




6. Сорғыдағы қыл-қыбыр және басқа заттарды алыңыз.




7. Сорғының айналдырғысы дұрыс айнала алатынына көз жеткізіңіз. Егер айналмаса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



8. Сүзгіні шүмектен ағып тұрған судың астына ұстап тұрып тазалап, сорғыдағы бағыттауыштарға салып, орнына қойыңыз.
9. Су ағып кетпес үшін сүзгінің дұрыс бұралғанына көз жеткізіңіз.





10. Су төгетін сорғының есігін жабыңыз.

11.8 Су құятын түтіктегі сүзгі және клапанның сүзгісі

Сүзгілерді төменгі жағдайда тазалау қажет болуы мүмкін:

- Құрылғыға су құйылмай тұр.
- Құрылғыға су құюға ұзақ уақыт кетеді.


- **4** түймешігінің индикаторы жыпылықтайды және бейнебетте тиісті ескерту көрсетіледі. 'Ақаулықты түзету' тарауын қараңыз.




Назарыңызда болсын!

Ашаны розеткадан ағытыңыз.


Су құятын түтіктің сүзгілерін тазалау:



1. Судың шүмегін жабыңыз.
2. Су құятын түтікті шүмектен ағытыңыз.
3. Су құятын түтіктегі сүзгіні қатты шөткемен тазалаңыз.



4. Құрылғының артындағы су құятын түтікті алыңыз.
5. Клапандағы сүзгіні қатты шөткемен немесе сүлгімен тазалаңыз.



6. Су құятын түтікті қайта орнына орнатыңыз. Су құбыры жалғастырғыштарының су ақпайтындай берік орнатылғанына көз жеткізіңіз.
7. Су құятын шүмекті ашыңыз.

11.9 Суды тосын жағдайда төгу

Ақаулыққа байланысты құрылғы суды төге алмайды.

Бұндай жағдай орын алса, "Су төгу сүзгісін тазалау" тарауындағы (1) бастап (6) дейінгі қадамдарды орындаңыз.

Қажет болса, сорғыны тазалаңыз.

Су төгетін түтікшені орнына қойып, су төгетін сорғының белгішін жабыңыз.

Суды төтенше жағдайда төгетін тәсілмен төккеннен кейін, су төгетін жүйені қайта іске қосу керек:

1. Жуғыш зат үлестіргіштің негізгі жуу циклына арналған бөлігіне 2 литр су құйыңыз.
2. Суды төге бастау үшін бағдарламаны бастаңыз.

11.10 Мұз қатуға қарсы сақтық шаралары

Құрылғы температурасы 0 °C градустан төмен түсетін жерге

орнатылса, су құятын және төгетін түтіктердегі, су төгетін сорғыдағы қалған суды төгіңіз.

1. Ашаны розеткадан ағытыңыз.
2. Судың шүмегін жабыңыз.
3. Су құятын түтікті алыңыз
4. Су құятын түтіктің екі ұшын ыдысқа салып, түтіктегі суды ағызыңыз.
5. Су төгетін сорғыны босатыңыз. Суды төтенше жағдайда төгу қадамдарын қараңыз
6. Су төгетін сорғы босаған кезде, су құятын түтікті қайта орнына қойыңыз.



Назарыңызда болсын!

Құрылғыны қайта іске қолданар алдында температураның 0 °C градустан жоғары екеніне көз жеткізіңіз.

Төмен температураға байланысты орын алған ақауларға өндіруші жауапкершілік көтермейді.

12. АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

Құрылғы жұмыс істей бастамайды немесе жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.

Алдымен ақаулықты түзету жолын іздеңіз (кестеге қараңыз). Өзіңіз түзете алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кейбір ақаулықтарда дыбыстық сигналдар қосылады және бейнебетте ескерту коды пайда болады:

- **E10** - Құрылғыға су дұрыс құйылмай тұр.

- **E20** - Құрылғының суы төгілмей тұр.
- **E40** - Құрылғының есігі ашық немесе дұрыс жабылмаған.
- **EFD** - Тасқынға қарсы құрал қосулы.



Назарыңызда болсын!

Тексеріп көру алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
Құрылғыға су дұрыс құйылмай тұр.	Су құятын шүмек жабық.	Су құятын шүмекті ашыңыз.
	Су құятын түтік бүлінген.	Су құятын түтіктің еш жерінің бүлінбегенін тексеріңіз.
	Су құятын түтіктегі сүзгілер бітеліп қалған.	Сүзгілерді тазалаңыз. "Күтім көрсету және тазалау" тарауын қараңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
	Су құятын шүмек бітелген не оған қақ тұрған.	Су құятын шүмекті тазалаңыз.
	Су құятын түтік дұрыс жалғанбаған.	Түтіктің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
	Судың қысымы тым төмен.	Жергілікті сумен жабдықтау мекемесіне хабарласыңыз.
	Су төгетін түтіктің ұшы тым төмен орналасқан.	Су төгетін түтіктің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғыдан су ақпайды.	Су төгетін түтік бүлінген.	Су төгетін түтіктің еш жерінің бүлінбегенін тексеріңіз.
	Су төгетін сорғының сүзгісі бітеліп қалған.	Су төгетін сорғының сүзгісін тазалаңыз. "Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.
	Су төгетін түтік дұрыс жалғанбаған.	Түтіктің дұрыс жалғанғанын тексеріңіз.
	Су төгу циклі жоқ жуу бағдарламасы орнатылған.	Су төгу бағдарламасын орнатыңыз.
	Шаю және кідірту функциясы қосұлы.	Су төгу бағдарламасын орнатыңыз.
Құрылғының есігі ашық немесе дұрыс жабылмаған.		Есікті дұрыс жабыңыз.
Тасқынға қарсы құрал қосұлы.		• Құрылғыны ажыратыңыз. • Судың шүмегін жабыңыз. • Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Айналдыру циклі іске қосылмайды.	Айналдыру циклі сөндірулі.	Айналдыру бағдарламасын орнатыңыз.
	Су төгетін сорғының сүзгісі бітеліп қалған.	Су төгетін сорғының сүзгісін тазалаңыз. "Күту менен тазалау" тарауын қараңыз.
	Кір теңгеріміне байланысты мәселе орын алды.	Бұндай жағдай орын алса, барабандағы кірді қолмен таратып, айналдыру циклін қайта бастаңыз.
Бағдарлама басталмай тұр.	Қуат ашасы розеткаға сұғылмаған.	Ашаны розеткаға сұғыңыз.
	Үйдегі сақтандырғыш қорапшасындағы сақтандырғыш жанып кеткен.	Сақтандырғышты ауыстырыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
	4 түймешігі басылмаған.	4 түймешігін басыңыз.
	Кешіктіріп бастау функциясы орнатылған.	Бағдарламаны дереу бастау үшін, кешіктіріп бастау функциясын біржола тоқтатыңыз.
	Бала қауіпсіздігі функциясы қосұлы.	Бала қауіпсіздігі функциясын ажыратыңыз.
Еденге су аққан.	Су түтіктерінің жалғастырғыштарынан су аққан.	Жалғастырғыштардың берік қосылғанына көз жеткізіңіз.
	Су төгетін сорғыдан су аққан.	Су төгетін сорғы сүзгісінің мықтап бұралғанына көз жеткізіңіз.
	Су төгетін түтік бүлінген.	Су құятын түтіктің еш жерінің бүлінбегенін тексеріңіз.
Құрылғының есігін аша алмадыңыз.	Жуу бағдарламасы орындалып тұр.	Жуу бағдарламасын аяқтаңыз.
	Барабанның ішінде су бар.	Суды төгу не айналдыру бағдарламасын орнатыңыз.
Құрылғыдан тосын шуыл шығады.	Құрылғының деңгейі дұрыс қойылмаған.	Құрылғының деңгейін реттеңіз. "Орнату" тарауын қараңыз.
	Орам материалдары және/немесе тасымал тетіктері алынбаған.	Орам материалдарын және/немесе тасымал тетіктерін алыңыз. "Орнату" тарауын қараңыз.
	Кір тым аз салынған.	Барабанға көбірек кір қосып салыңыз.
Цикл көрсетілген уақыттан қысқарақ.	Құрылғы кірдің салмағына қарай жаңа уақытты есептейді.	"Пайдалану көлемі" тарауын қараңыз.
Цикл көрсетілген уақыттан ұзағырақ.	Теңгерімі жоқ кір уақытты ұзартады.	Бұл құрылғы үшін қалыпты жағдай.
Жуу нәтижелері қанағаттанарлық емес.	Жуғыш зат жеткіліксіз қолданылған немесе сай келмейтін жуғыш зат қолданылған.	Жуғыш заттың мөлшерін көбейтіңіз не басқа жуғыш затты пайдаланыңыз.
	Оңай жуылмайтын дақтар, кір жумай тұрып жуылмаған.	Оңай жуылмайтын дақтарды кетіру үшін арнайы құралдарды пайдаланыңыз.
	Дұрыс температура орнатылмаған.	Температураның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Ақаулық	Ықтимал себебі	Ықтимал шешімі
	Кірдің салмағын азайтыңыз.	Оңай жуылмайтын дақтарды кетіру үшін арнайы құралдарды пайдаланыңыз.

Тексеріп болғаннан кейін құрылғыны іске қосыңыз. Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады. Ақаулық қайта орын алса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бейнебетте белгісіз ақаулық кодтары пайда болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


13. ОРНАТУ

13.1 Орнатуға арналған тақтайша жинағы (4055171146)


Уәкілетті дилерден алуға болады.

Егер құрылғыны плintуcқа орнатсаңыз, құрылғыны орнату тақтайшасына бекіту керек. Жинақпен бірге берілген нұсқауларды орнатыңыз.


13.2 Қораптан шығару




1. Қолғап киіңіз. Сыртқы орамын алыңыз. Қажет болса, кескішті пайдаланыңыз.




2. Үстіңгі картонды алыңыз.
3. Полистирол орам материалдарын алыңыз.




4. Ішкі орамын алыңыз.



5. Есікті ашып барабандағы заттардың барлығын алыңыз.




6. Полистирол орам элементтерінің біреуін құрылғының арт жағындағы еденге төсеңіз. Құрылғыны абайлап, артқы жағын соған қаратып жатқызыңыз. Түтікшелерге зақым келмес үшін абай болыңыз.




7. Астыңғы жағындағы полистирол төсемді алыңыз.

8. Құрылғыны тігінен тұрғызыңыз.




9. Қуат сымын және түтік ұстағыштағы су төгетін түтікті алыңыз.



10. Үш болтты алыңыз. Құрылғымен бірге жеткізілген бұрағышты қолданыңыз.

11. Пластик тетіктерді алыңыз.




12. Тесіктерді пластик тығындармен бітеңіз. Бұл тығындарды пайдаланушы нұсқаулығы салынған қалтадан таба аласыз.




- Құрылғыны кейін көшіру кезінде қолдану үшін барлық орам материалдары мен тасымал тетіктерін сақтап қояды ұсынамыз.
- Егер құрылғы қыстың температурасы нөлден төмен суық айларында жеткізілсе. Оны алғаш рет пайдаланбас бұрын бөлме температурасында 24 сағат ұстаңыз.

13.3 Орналастыру және деңгейлеу



- Құрылғыны тегіс, қатты еденге орнатыңыз.
- Кілемнің құрылғының астындағы ауа айналымына кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз.
- Құрылғының қабырғаға немесе басқа құрылғыларына тиіп тұрмағанын тексеріңіз
- Деңгейін реттеу үшін тіректерін босатыңыз немесе қатайтыңыз. Құрылғының деңгейін дұрыс реттеп орнатсаңыз, діріл, шуыл болмайды және құрылғы жұмыс істеп тұрғанда орнынан жылжымайды.




- Құрылғының деңгейін реттеп, орнықты етіп орнату керек.




Сақтандыру туралы ескерту!

Құрылғының деңгейін реттеу үшін оның тіректерінің астына картон, ағаш немесе сол сияқты заттарды қоймаңыз.

13.4 Су құятын түтік



- Түтікті құрылғыға жалғаңыз. Су құятын түтікті солға немесе оңға ғана бұраңыз. Дұрыс орынға қою үшін гайканы босатыңыз.



- Су құятын түтікті 3/4" бұрамасы бар суық су шүмегіне жалғаңыз.



Сақтандыру туралы ескерту!
Жалғастырғыштарынан ешбір су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.





Су құятын түтік тым қысқа болса ұзартқыш түтікті қолданбаңыз. Су құятын түтікті ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


13.5 Су төгу

Су төгетін түтікті жалғаудың бірнеше жолы бар:

Пластик түтік бағыттағышты қолданып.





- Раковина жиегіне орнату арқылы.
- Құрылғы суды төгу циклін орындап тұрғанда, пластик бағыттағыштың орнынан жылжып кетпеуін қадағалаңыз. Бағыттағышты судың шүмегіне немесе қабырғаға бекітіңіз.



- Желдеткіш саңылауы бар тік құбыр арқылы.

Суретті қараңыз. Ақаба су құбырына 60 см-ден кем емес, 100 см-ден артық емес биіктікте тікелей жалғауға болады. Су төгетін түтіктің ұшы әрқашан желдетіліп тұруға тиіс, яғни ақаба су құбырының ішкі диаметрі, су төгетін түтіктің сыртқы диаметрінен үлкен болуға тиіс.

Пластик түтік бағыттағышты қолданбай.



- Раковина төлкесіне жалғау арқылы.
Суретті қараңыз. Су төгетін түтікті төлкеге салып, қапсырғышпен қатайтыңыз. Раковинадағы қалдық жуынды заттар құрылғыға қайта құйылмас үшін, су төгетін түтіктің имек жасап жалғануын қамтамасыз етіңіз.
- Бөлменің қабырғасына кіріктірілген ақаба су құбырына тура жалғап, қапсырғышпен бекіту арқылы.



Су төгетін түтікті ең көбі 400 см-ге ұзартуға болады. Басқа су төгетін түтік алу немесе оны ұзарту үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

14. ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЗИЯН КЕЛДІРМЕУ ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР

Белгі ♻️ салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның

денсаулығына зиян келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі ☒ салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

ЗМІСТ

1. ІНФОРМАЦІЯ З ТЕХНІКИ БЕЗПЕКИ	37
2. ІНСТРУКЦІЇ З ТЕХНІКИ БЕЗПЕКИ	38
3. ТЕХНІЧНА ІНФОРМАЦІЯ	40
4. ОПИС ВИРОБУ	40
5. ПАНЕЛЬ КЕРУВАННЯ	41
6. ПРОГРАМИ	46
7. ПОКАЗНИКИ СПОЖИВАННЯ	51
8. ПЕРЕД ПЕРШИМ КОРИСТУВАННЯМ	52
9. ВИКОРИСТАННЯ ПРИЛАДУ	52
10. КОРИСНІ ПОРАДИ	56
11. ДОГЛЯД ТА ЧИСТКА	57
12. УСУНЕННЯ ПРОБЛЕМ	62
13. УСТАНОВКА	65

ДЛЯ ВІДМІННОГО РЕЗУЛЬТАТУ

Дякуємо, що обрали цей прилад AEG. Ми створили його для бездоганної роботи протягом багатьох років, за інноваційними технологіями, які допомагають робити життя простішим - ці властивості, які можна й не знайти в звичайних приладах. Будь ласка, приділіть декілька хвилин, аби прочитати, як отримати найкраще від цього приладу.

Звертайтеся на наш веб-сайт:



Поради з використання, брошури, інструкції з усунення несправностей, сервісна інформація:
www.aeg.com



Зареєструйте виріб, щоб отримати покращене обслуговування:
www.aeg.com/productregistration



Придбання приладдя, витратних матеріалів та оригінальних запчастин для вашого приладу:
www.aeg.com/shop

РОБОТА З КЛІЄНТАМИ ТА СЕРВІСНЕ ОБСЛУГОВУВАННЯ

Рекомендується використовувати оригінальні запчастини.

При звертанні до сервісного центру необхідно мати наступну інформацію.

Її можна знайти на табличці з технічними даними. Модель, номер виробу, серійний номер.



Увага! Важлива інформація з техніки безпеки.



Загальна інформація та рекомендації



Екологічна інформація

Може змінитися без оповіщення.

1. ІНФОРМАЦІЯ З ТЕХНІКИ БЕЗПЕКИ

Перед установкою та експлуатацією приладу слід уважно прочитати інструкцію користувача. Виробник не несе відповідальності за пошкодження, що виникли через неправильне встановлення або експлуатацію. Інструкції з користування приладом слід зберігати з метою користування в майбутньому.

1.1 Безпека дітей і вразливих осіб



Попередження!

Існує ризик задушення, ушкоджень чи втрати працездатності.

- Діти від 8 років, особи з обмеженими фізичними, сенсорними чи розумовими здібностями й особи без відповідного досвіду та знань можуть користуватися цим приладом лише під наглядом або після проведення інструктажу стосовно безпечного користування приладом і пов'язаних ризиків.
- Не дозволяйте дітям гратися з приладом.
- Пакувальні матеріали слід тримати в недоступному для дітей місці.
- Усі м'які засоби слід тримати в недоступному для дітей місці.
- Не допускайте дітей та домашніх тварин до відчинених дверцят приладу.
- Якщо прилад оснащено захистом від доступу дітей, рекомендується його увімкнути.
- Не можна доручати чищення або технічне обслуговування приладу дітям без відповідного нагляду.

1.2 Загальні правила безпеки

- Перш ніж виконувати технічне обслуговування, вимкніть прилад і вийміть вилку з розетки.
- Не змінюйте технічні характеристики приладу.

- Дотримуйтесь максимального обсягу завантаження 6.5 кг (див. розділ «Таблиця програм»)
